

## Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 31 наурыз N 88. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 25 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1555. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 225 қаулысымен.

Валюта заңнамасын жетілдіру мақсатында және оны 2000 жылғы 5 шілдедегі " Лицензиялау туралы " Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" және 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне валюталық реттеу мәселелері туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес келтіру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Зерттеу және статистика департаменті (Айманбетова Г.З.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күндік мерзімде осы қаулыны және Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесі бекітілген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесін бекіту туралы" 1997 жылғы 27 қазандағы N 204 қаулысының ;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 27 қазандағы N 204 қаулысымен бекітілген Капитал қозғалысымен байланысты

валюталық операцияларды тіркеу ережесінің күші жойылды деп танылсын.

4. Халықаралық қатынас және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесін ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ететін болсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Төрағасы Г. Марченкоға жүктелсін.

**Ұ л т т ы қ                      Б а н к**

*Төрағасы*

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
13 сәуір 2001 ж.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі басқармасының  
2001 ж. 31 наурыздағы  
N 88 қаулысымен

**БЕКІТІЛГЕН**

Қазақстан Республикасының  
Бағалы қағаздар жөніндегі  
ұлттық комиссиясы

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі  
21 мамырдағы 2001 ж.

12 көкек 2001 ж.

Қазақстан Республикасының  
Статистика жөніндегі агенттігі  
13 сәуір 2001 ж.

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің  
К е д е н к о м и т е т і

18 мамырдағы 2001 ж.

**Капитал  
валюталық  
ЕРЕЖЕСІ**

**қозғалысымен  
операцияларды**

**байланысты  
тіркеу**

Осы Ереже " Валюталық реттеу туралы ", " Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы ", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген және елдің төлем балансы мен сыртқы борышының жай-күйіне шынайы және уақтылы статистикалық есепке алу мен талдауды жүзеге асыру үшін капитал қозғалысымен байланысты операцияларды тіркеу тәртібін белгілейді.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

Шарт - шарт, кредиттік немесе инвестициялық келісім, келісім-шарт, құрылтай шарты және/немесе капитал қозғалысымен байланысты валюталық операциялар жүзеге асырылатын басқа да құжаттар;

шетелдік еншілес немесе қауымдасқан ұйым - дауыс беретін акцияларының 10 және одан да көп проценті (қатысушылар дауыстарының жалпы санынан 10

және одан да көп процент) резидентке тиесілі заңды тұлға-резидент емес;  
ОКПО коды - Кәсіпорындар мен ұйымдардың Жалпы жіктеушісіне сәйкес  
Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистиканың уәкілетті органы заңды  
тұлғаларға, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне берілетін  
б і р е г е й л е н д і р у к о д ы ;

резидент еместің экспорт-импорт мәмілесін кредиттеуі - резидент еместің  
резидент еместен сатып алатын тауарларды (жұмысты, қызметті) төлеуге 120  
күннен астам мерзімге аванстық төлемі немесе резиденттің Қазақстан  
Республикасына импортталатын тауарларды (жұмысты, қызметті) төлеуге 120  
күннен астам мерзімге төлемді кейінгі қалдыруы;

инвестициялау объектісі - жарғылық капиталына салым салынатын (салынған  
) немесе бағалы қағаздары сатып алынатын (сатып алынған) Қазақстан  
Республикасының заңды тұлғасы;

резидент емес-кредитордың резидент-заемшыға қатынасы - резидент емес пен  
резидент арасындағы мәмілелердің экономикалық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін  
резидент еместің резидентке қатысты экономикалық-құқықтық сипаттамасы.  
Резидент емес-кредитордың резидент-заемшыға қатынастары мынадай болуы  
мүмкін: тікелей шетелдік инвестор, шетелдік еншілес немесе қауымдасқан ұйым,  
б а с қ а да қ а т ы н а с т а р ;

портфельдік инвестициялар - мемлекеттік бағалы қағаздарды,  
облигацияларды және коммерциялық ұйымдардың басқа да бағалы қағаздарын  
сатып алу, сондай-ақ заңды тұлғаның акцияларын сатып алу (қатысушының  
салым енгізуі), оның нәтижесінде осындай сатып алуды (салым енгізуді) жүзеге  
асыратын тұлғаға осы заңды тұлғаның дауыс беретін акциялардың 10  
процентінен аз (қатысушылар дауыстарының 10 процентінен аз) тиесілі болады;

тікелей шетелдік инвестор - тікелей инвестицияларды инвестициялау  
объектісіне жүзеге асыратын (жүзеге асырған) заңды немесе жеке тұлға-резидент  
е м е с ;

тікелей инвестициялар - интеллектуалдық творчестволық қызметтің  
нәтижелеріне құқықтарды қоса алғанда ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүлкілік  
құқықтар және заңды тұлғаның акцияларын (қатысушылардың салымдарын)  
төлеуге басқа да мүлік салымдары, оның нәтижесінде осындай салымдарды  
жүзеге асыратын адамға осы заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының 10  
және одан да көп проценті (қатысушылар дауыстарының жалпы санынан 10 және  
одан да көп процент) тиесілі болады;

қайта инвестициялар - тікелей шетелдік инвестордың Қазақстан  
Республикасының аумағында бұрын жүзеге асырылған инвестициялардан  
алынған кірістерді инвестициялау объектісіне салуы;

уәкілетті банк - валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің

тапсырмалары бойынша жүзеге асыратын, банк заңдарында көзделген операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк;

уәкілетті мемлекеттік орган - мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану мен басқару жөніндегі қатынастарды реттейтін мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің қызметін атқаратын мемлекеттік органдар.

2. Қазақстан Республикасына баламасы 100 мың АҚШ долларынан асатын сомада мүліктің (қаражаттың) түсуін көздейтін капитал қозғалысымен байланысты валюталық операциялардың мынадай түрлері тіркелуі тиіс:

1) қаржылық лизингті қоса алғанда резидент еместерден 120 күннен астам мерзімге кредиттер алуы;

2) резидент еместердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуі;

3) резидент еместердің Қазақстан Республикасына тікелей және портфельдік инвестициялар түріндегі инвестициялары;

4) резиденттердің интеллектуалдық меншік объектілеріне ерекше құқықты толық беру үшін төлем жасауға резидент еместердің аударым жасауы;

5) жылжымайтын мүлікке мүліктік құқықтарды төлеу үшін резидент еместердің аударым жасауы.

3. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген операцияларды тіркеуге тиісті Шартты тіркеу және осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысы туралы мәліметтерді тоқсан сайын ұсыну ж а т а д ы .

4. Резидент-Шарттың қатысушысы (бұдан әрі - резидент) осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген операциялар жүргізуді көздейтін Шартты тіркеуге м і н д е т т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Шартты тіркеу үшін резидент өзінің заңды мекен-жайы бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына (бұдан әрі - филиал), ал 20, 21, 28-тармақтарда көзделген жағдайларда - Ұлттық Банкке шарт күшіне енгеннен кейін бір ай ішінде өтініш беруге м і н д е т т і .

6. Өтініш берушінің осы Ережеде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынғанынан бастап 10 жұмыс күні ішінде филиал, ал 20, 21, 28-тармақтарда көзделген жағдайларда - Ұлттық Банк Шартты тіркейді. Тіркеу жүргізілгеннен кейін Шартты тіркеу туралы белгіленген үлгідегі тіркеу куәлігі беріледі (осы Е р е ж е н і ң 1 - қ о с ы м ш а с ы ) .

7. Шарттарды тіркеген резиденттер филиалға немесе Ұлттық Банкке тіркелген Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысы туралы мәліметтерді тоқсан сайын ұсынуға м і н д е т т і .

8. Резидент Шартты тіркеу орны бойынша филиалға (немесе Ұлттық Банкке)

тіркелген Шарттың қолданылу кезеңінде туындайтын барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін бір айлық мерзімде хабарлауға міндетті. Мынадай шарттардың ең болмаса бірі: Шарттың сомасы, Шарттың қолданылу мерзімі, Шартқа қатысушылар, Шарттың мәні, сондай-ақ резиденттің орналасқан жері (басқа облысқа көшу) өзгерген кезде осы Ереженің 10-тармағында көзделген жағдайлардан басқа Шартты қайта тіркеу талап етіледі.

Сонымен бірге резиденттердің 120 күннен астам мерзімге кредит алуды немесе резидент еместердің резиденттердің 120 күннен астам мерзімге экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуін көздейтін Шарттар резидент емес-кредитордың резидент-заемшыға қатынасы өзгерген жағдайда қайта тіркеледі.

Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынғаннан кейін осы Ереженің 14, 18, 19 не 27-тармақтарына сәйкес Шартты қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Қайта тіркеу жүргізілгеннен кейін Шартты тіркеу туралы белгіленген үлгідегі тіркеу куәлігі беріледі (осы Ереженің 1-қосымшасы).

9. Шартты қайта тіркеген кезде бұрын берілген тіркеу куәлігінің күші жойылды деп танылады және оның түпнұсқасы филиалға қайтарылуы тиіс.

10. Тараптар Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, кредитор борышты толық не ішінара есептен шығарған (кешірген) жағдайда Шартты қайта тіркеу талап етілмейді.

11. Тіркеу куәлігі тараптардың міндеттемелерді толық орындауына дейін қолданылады. Тараптар тіркелген Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағаннан кейін, сондай-ақ кредитор борышты толық есептен шығарған (кешірген) жағдайда тіркеу куәлігі күші жойылды деп есептеледі.

12. Тіркеу куәлігінің түпнұсқасы жоғалған жағдайда резидент өтініші бойынша тиісті Шартты тіркеген филиал (Ұлттық Банк) тіркеу куәлігінің көшірмесін береді.

Тіркеу куәлігінің көшірмесін алу үшін резидент филиалға тіркеу куәлігін жоғалту себептері мен жағдайларын көрсете отырып өтініш ұсынуға тиіс.

Филиал құжаттар келіп түскеннен бастап бес жұмыс күні ішінде тіркеу куәлігін ресімдейді және көшірмесін береді.

Тіркеу куәлігінің көшірмесі "Көшірме" деген сөзді және көшірме берілген күнді көрсете отырып бастапқы тіркеу куәлігінің нөмірі және күнімен беріледі.

**2-тарау. Резиденттердің кредит алуымен және резидент еместердің резиденттердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуімен байланысты операцияларды тіркеу**

13. Мемлекеттің кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдар, мемлекеттік емес сыртқы заемдар туралы келісімдер, сондай-ақ осы келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын операциялар осы Ережеге сәйкес тіркелуге тиіс емес.

14. Шарттарды тіркеу үшін резидент филиалға мынадай құжаттарды ұсынады :

Шартты тіркеуге өтініш (осы Ереженің 2-қосымшасы);

Шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

Шарт бойынша қаражаттың түсу (алу) және берешекті өтеу кестесі (осы Ереженің 3 - қосымшасы);

еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (банктерді қоспағанда);

өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі;

жүк-кеден декларацияларының, клиенттің есепшоты бойынша үзінділердің және тараптардың өтініш беру сәтіне осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;

егер Шарттың талаптарында қаражаттың үшінші адамдар-резидент еместердің есепшоттарына есептеу немесе/және осы Шартқа қызмет көрсету үшін шетелдік банкте есепшот ашу көзделген болса Ұлттық Банк лицензиясының көшірмесі;

салық органының өтініш берушіні салық төлеуші ретінде есепке тұрғызу туралы анықтамасы;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін.

15. Резиденттер (банктерден басқа) есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-на дейін тіркелген Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын көрсететін мәліметтерді филиалға белгіленген нысанда (осы Ереженің 4-қосымшасы) ұсынады. Сонымен бірге ұсынылған есеп беру нысаны бойынша мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында Ұлттық Банк (филиал) кеден декларацияларының, клиенттің есепшоты бойынша үзінділердің және Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

16. Банктер-Шарттарға қатысушылар тіркелген Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын көрсететін мәліметтерді Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 28 мамырдағы N 18 қаулысымен бекітілген мемлекеттік статистикалық есеп берудің N 11-ОБ нысаны бойынша Ұлттық Банкке ұсынады.

17. Резидент еместерден кредит алумен немесе резидент еместердің резиденттердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуімен байланысты ағымдағы валюталық операциялар бойынша резидент міндеттемелерін резидент еместің өз міндеттемелерін орындағанынан кейін 120 күн ішінде орындамаған

жағдайда, мұндай операциялар капитал қозғалысымен байланысты валюталық операциялар болып саналады. Осы Ережеде көзделген тәртіппен тиісті Шартты тіркеу үшін резидент ағымдағы операциялардың капитал қозғалысымен байланысты операцияларға ауысу күнінен бастап бір айлық мерзімде филиалға өтініш беруге міндетті.

Осыған орай резидент еместің міндеттемелерін орындауынан бастап 120 күн өткеннен кейін резидент берешегінің жиналған сомасы баламасы 100 мың АҚШ долларынан асатын жағдайда резидент еместердің резиденттердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуімен байланысты ағымдағы валюталық операциялары бойынша Шартты тіркеу жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Резидент еместердің Қазақстан Республикасына тікелей және портфельдік инвестицияларын тіркеу**

18. Тікелей инвестицияларды тіркеу үшін резидент филиалға мынадай құжаттарды ұсынады:

Шартты тіркеуге өтініш (осы Ереженің 5, 6, 7-қосымшалары);  
Шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;  
өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі;  
еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (банктерді қоспағанда);  
жүк-кеден декларацияларының, клиенттің есепшоты бойынша үзінділердің және тараптардың өтініш беру сәтіне осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;  
бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары үшін - бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға берген лицензияның көшірмесі;  
инвестициялар жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың эмитенттері үшін - бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган берген бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу немесе акцияларға ұлттық бірегейлендіру нөмірін (ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін) беру туралы куәлігінің көшірмесі;  
салық органының өтініш берушіні салық төлеуші ретінде есепке тұрғызу туралы анықтамасы;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін.

19. Портфельдік инвестицияларды (резидент еместердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алудан басқа) тіркеу үшін резидент филиалға мынадай құжаттарды ұсынады:

Шартты тіркеуге өтініш (осы Ереженің 5, 7-қосымшалары);  
Шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;  
өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі;

еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (банктерді қоспағанда);

бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары үшін - бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға берген лицензияның көшірмесі;

инвестициялар жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың эмитенттері үшін - бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган берген бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу немесе акцияларға ұлттық бірегейлендіру нөмірін (ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін) беру туралы куәлігінің көшірмесі;

салық органының өтініш берушіні салық төлеуші ретінде есепке тұрғызу туралы анықтамасы;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін.

20. Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органының резидент еместердің акциялардың мемлекеттік пакеттерін (мемлекеттің салымдарын) сатып алуымен байланысты операциялары Ұлттық Банкте тіркеледі.

Тіркелу үшін уәкілетті мемлекеттік орган - Шарттың тарабы Ұлттық Банкке өтініш (осы Ереженің 5, 6, 7 қосымшалары) және Шарттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.

21. Резидент еместердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі операциялары капиталдың халықаралық рыноктарында бастапқы орналастырылуы кезінде Ұлттық Банкте тіркеледі.

Тіркелу үшін эмитент Ұлттық Банкке өтінішті (осы Ереженің 5, 7-қосымшалары) және Шарттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.

22. Резидент еместердің Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі операциялары филиалда (Ұлттық Банкте) тіркелуге тиіс емес. Орталық депозитарий ай сайын Ұлттық Банкке бағалы қағаздардың бастапқы және қайталама рыноктарында жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарымен операциялары бойынша ақпарат ұсынады.

23. Инвестициялау объектісі болып табылатын резидент (банктерден басқа) тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-на дейін тіркелген Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын көрсететін мәліметтерді филиалға белгіленген нысанда (осы Ереженің 8-қосымшасы) ұсынады.

Сонымен бірге көрсетілген мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында Ұлттық Банк немесе оның филиалы кеден декларацияларының, клиенттің есепшоты бойынша үзінділердің, бухгалтерлік баланстың, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептің, ақша қозғалысы туралы есептің және Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын растайтын



басқа да құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

24. Инвестициялау объектісі болып табылмайтын резидент (бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы) тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-на дейін тіркелген Шартқа қызмет көрсету туралы мәліметтерді белгіленген нысанда (осы Ереженің 9-қосымшасы) ұсынады.

25. Уәкілетті мемлекеттік орган тоқсан сайын есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-на дейін акциялардың мемлекеттік пакеттерін (мемлекеттің салымдарын) сатуға арналған Шарттың тіркелу орны бойынша осы Шарт жөнінде бюджетке түсімдер туралы мәліметтерді белгіленген нысанда (осы Ереженің 10-қосымшасы) ұсынады.

26. Резидент еместердің қайта инвестициялары осы Ережеге сәйкес тіркелуге тиіс емес.

#### **4-тарау. Капитал қозғалысымен байланысты басқа да операцияларды тіркеу**

27. Кәсіпорынды жалға алу, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын төлеу шарттары (кәсіпорындарды тұтастай мүліктік кешен ретінде қоса алғанда) негізінде, Сатып алу-сату шарттары негізінде резиденттердің резидент еместерге интеллектуалдық меншік объектілеріне ерекше құқық берумен, уақытша иелену құқығын төлеу және тұтастай алғанда кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде пайдаланумен байланысты операцияларды тіркеу үшін резидент филиалға мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш (осы Ереженің 11-қосымшасы);  
Шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;  
өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі;  
еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (банктерді қоспағанда);  
салық органының өтініш берушіні салық төлеуші ретінде есепке тұрғызу туралы анықтамасы;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін.

28. Тараптардың бірі Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы болып табылатын резидент еместердің кәсіпорынды жалдау және жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарттары Ұлттық Банкте тіркеледі.

Тіркелу үшін уәкілетті мемлекеттік орган - Шарттың тарабы Ұлттық Банкке өтініш (осы Ереженің 11-қосымшасы) және Шарттың нотариат куәландырған көшірмесін береді.

29. Резиденттер есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-на дейін Шарттың тіркелу орны бойынша тіркелген Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын көрсететін мәліметтерді филиалға белгіленген нысанда (осы Ереженің 12-қосымшасы) ұсынады.

Сонымен бірге ұсынылған есеп беру нысаны бойынша мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында Ұлттық Банк (филиал) клиенттің есепшоты бойынша үзінділердің немесе Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

30. Мүліктік жалдау шарттары негізінде резидент еместердің жылжымайтын мүлікті уақытша иелену мен пайдалану құқығын төлеуі (мүліктік кешен ретіндегі тұтастай кәсіпорыннан басқа) резидент емес резиденттің міндеттемелерді орындауына дейін 120 күндей бұрын жалдау ақысын төлеген жағдайда тіркелуі т и і с .

Шартты тіркеу және тіркелген шарт бойынша мәліметтер ұсыну осы Ереженің 14-16-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **5-тарау. Жеке жағдайлар**

31. Қатысушылар (тараптар және үшінші тұлғалар) бірнеше резидент болып табылатын Шарттарды тіркеу кезінде тіркеу куәлігінде барлық қатысушылар (кредитор заемшы - төлем жасаушы, кредитор - заемшы - кепіл, инвестор - сатушы инвестициялау объектісі, инвестор - қаржы делдалы - инвестициялау объектісі, сатып алушы - сатушы - алушы, сондай-ақ Шарттардың басқа да қ а т ы с у ш ы л а р ы ) к ө р с е т і л е д і .

32. Бірнеше резидент қатысатын Шарттар бойынша осы Ереженің 4, 7-тармақтарында көзделген міндеттер резидентке-Шарттың тарабына-қаражат алушыға жүктеледі. Резидент еместен Шарт бойынша қаражатты алушы болып табылатын бірнеше резидент Шарттың тараптары болған жағдайда үлесіне Шарт сомасының басым бөлігі келетін резидентке Шартты тіркеу міндеті жүктеледі.

Резиденттер Шартқа тең үлесте қатысқан жағдайда Шартты тіркеуге қатысушы резиденттің бірі өтініш беруі мүмкін. Осыған орай барлық резиденттер-Шарттың қатысушыларына тіркеу жөніндегі міндет жүктеледі және олар осы талаптың орындалмауына бірдей жауап береді.

Қатысушы-резидентке, филиалға тіркеу туралы бірінші өтінген адамға тіркеу куәлігі беріледі. Резидент еместің пайдасына төлем жасаған кезде және/немесе басқа да қатысушы-резиденттер осындай Шарт бойынша резидент еместен қаражат алған кезде уәкілетті банкке төлем негізділігін және/немесе қаражаттың алынуын растайтын құжаттардың көшірмелері (оның ішінде нотариат куәландырған Шарттардың, Ұлттық Банктің тіркеу куәлігінің көшірмелері) ұ с ы н ы л а д ы .

Шартты тіркеген қатысушы-резиденттен тіркеу куәлігінің көшірмесін алу мүмкін болмаған жағдайда басқа да қатысушы-резиденттер өздерінің заңды мекен-жайы бойынша тіркеу куәлігінің көшірмесін ұсыну туралы еркін нысандағы жазбаша өтініш бере алады.

Осы Ереженің 4, 8, 9, 10 немесе 12-қосымшаларында көрсетілген

мәліметтерді ұсыну міндеті тіркеу куәлігінің түпнұсқасын алған резидентке жүктеледі. Тіркеу куәлігінің түпнұсқасын алған резиденттің жазбаша келісімімен үшінші тарап-резидент (төлем жасаушы) тиісті нысандағы тоқсан сайынғы мәліметтерді ұсынуға жауапкершілікті өзіне алуы мүмкін, бұл туралы ол жазбаша нысанда өзінің заңды мекен-жайы бойынша филиалға хабар береді.

#### **6-тарау. Қорытынды ережелер**

33. Тіркелген Шарттар бойынша шынайы және толық статистикалық есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк апта сайын уәкілетті банктерге және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігінің Кеден комитетіне (қаражаттың тауар түрінде ауысуын көздейтін мәмілелер бөлігінде) тіркеу нөмірін, күнін, резидент-мәміле қатысушысының атауын, Шарттың сомасын, өтініш беру күніне Шарт бойынша түсімдер сомасын, өтініш беру күніне резидент борышы негізгі сомасының қалдығын көрсете отырып (кредиттер және экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуі бойынша) жаңадан берілген және күші жойылған тіркеу куәліктері туралы ақпаратты ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктер Ұлттық Банкке тіркелген Шарттар бойынша қаражаттың қозғалысы туралы ақпаратты ай сайын ұсынады (осы Ереженің 13-қосымшасы).

34. Капитал қозғалысымен байланысты операцияларды тіркеу тіркелген операциялар бойынша қатысушылардың міндеттемелеріне қатысты Ұлттық Банк тарапынан қандай да бір міндеттемелерсіз жүзеге асырылады.

Ұлттық Банктің тіркеу куәлігінің бар болуы Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын бұзуға жауапкершіліктен босату үшін негіздеме болып табылмайды.

35. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданылады.

36. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

#### *Төраға*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы  
N 88 қаулысымен бекітілген Капитал  
қозғалысымен байланысты валюталық  
операцияларды тіркеу ережесіне  
1-қосымша

#### **ТІРКЕУ КУӘЛІГІ**

Осы арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мына елдер  
арасында жасалған

1) \_\_\_\_\_

(резиденттің атауы, уәкілетті тұлға, қызмет көрсетуші банк)

2) \_\_\_\_\_  
(резидент еместің атауы, елі, уәкілетті тұлға)

\_\_\_\_\_ (құжаттың атауы, номері, күні)

негізінде жүзеге асырылған капитал қозғалысымен байланысты операцияны тіркеу туралы куәландырады.

Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (санмен және жазумен)

Мерзімі " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ ж. дейін

\_\_\_\_\_ (мәмілені жіктеу)

\_\_\_\_\_ үшін арналған

Шарттың валютасы \_\_\_\_\_

Бағалы қағаздарды сатып алу түрінде жүзеге асырылатын мәмілелер үшін

Бағалы қағаздар түрі \_\_\_\_\_

Эмитенттің атауы \_\_\_\_\_

Эмиссияның мемлекеттік тіркелу күні мен нөмірі (ұлттық бірегейлендіру нөмірінің/ұлттық бірегейлендіру нөмірлерінің берілген күні) \_\_\_\_\_

Бағалы қағаздардың саны \_\_\_\_\_ (санмен және жазумен)

Ескерту \_\_\_\_\_

Тіркелген күн " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_\_ ж.

Бұл тіркеу осы операция жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан қандай да болмасын міндеттемелерсіз жасалды.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі облыстық

филиалының директоры/директордың орынбасары \_\_\_\_\_

(аты-жөні) (қолы)

Мөр орны

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы

№ 88 қаулысымен бекітілген Капитал  
қозғалысымен байланысты валюталық  
операцияларды тіркеу ережесіне

2-қосымша

**ШАРТТЫ  
ӨТІНІШ**

**ТІРКЕУГЕ**

**АРНАЛҒАН**

ОКПО коды \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің атауы немесе толық аты)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. N \_\_\_\_\_ Шарт \_\_\_\_\_

(кредиттің мақсаты және арналуы)  
\_\_\_\_\_ мерзімге жасалды.

Шартқа қосымша мынадай құжаттар ұсынылды

1. \_\_\_\_\_  
(құжаттың атауы, номері, ресімделген күні)

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

5. \_\_\_\_\_

6. \_\_\_\_\_

Резидент \_\_\_\_\_

(атауы, заңды тұлғалар үшін - уәкілетті адамдардың толық аты мен

лауазымдары; жеке адамдар үшін - аты-жөні; толық мекен-жайы, салық \_\_\_\_\_

төлеушінің тіркеу нөмірі, банктік деректемелері, телефоны, факсы)

Резидент емес \_\_\_\_\_

(атауы, заңды тұлғалар үшін - уәкілетті тұлғалардың толық

аты-жөні және лауазымдары; жеке тұлғалар үшін - аты жөні; толық

мекен-жайы, банктік деректемелері, телефоны, факсы)

Шарттың сомасы \_\_\_\_\_

(Шарт валютасында сомасы санмен және жазумен)

Шарттың валютасы \_\_\_\_\_

Өтініш беру күніне Шарт бойынша \_\_\_\_\_ түсті.

(Шарт валютасымен мың өлш. бірлігі)

Өтініш беру күніне \_\_\_\_\_ борыштың негізгі сомасының қалдығы.

(Шарт валютасымен мың өлш. бірлігі)

Ұлттық Банктің осы шарт бойынша бұрын \_\_\_\_\_

берілген тіркеу куәліктерінің номерлері \_\_\_\_\_

Резидент емес-кредитордың резидент-заемшыға қатынасы (белгілеу керек) \_\_\_\_\_ тікелей шетелдік инвестор \_\_\_\_\_ шетелдік

еншілес немесе қауымдасқан ұйым \_\_\_\_\_ басқалары

Кредитті пайдаланғаны үшін жылдық \_\_\_\_\_ сыйақы (мүдде)

ставкасы (процент ставкасы өзгермелі болған жағдайда оның есептелу

базасы мен маржасының мөлшері көрсетіледі)

Басқа талаптар \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы:

(лауазымы)

(Аты-жөні)

(Қолы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200 \_\_\_\_ ж.

Мөр орны

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы

N 88 қаулысымен бекітілген Капитал

қозғалысымен байланысты валюталық

операцияларды тіркеу ережесіне

3-қосымша

\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ Шарт бойынша

қаражат түсімінің және берешекті өтеу кестесі

(мың бірлік)

Резидентке кредит бойынша қаражаттың түсімі	Резиденттің кредитке қызмет көрсету бойынша төлемдері
---	---

күні	сомасы	күні	негізгі	сыйақы төлеу
б о р ы ш т ы ө т е у				

—	—	—	—	—
А	1	Б	2	3

— — — — —

— — — — —

Ж И Ы Н Т Ы Ғ Ы

Ж И Ы Н Т Ы Ғ Ы

олардың ішінде,  
өтініш беру күніне

олардың ішінде,  
өтініш беру күніне

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

(қолы)

